

ТҰЛҒА

Шәмші рухы халқымен мәңгі бірге

Күдіретті әндеріне бас игізген Шәмші Қалдаяқов есімін жүрегі қазақтың деп соққан барша ел қастер тұтады.



Шымкент қаласындағы әйгілі тұлғаның есімімен аталатын мүсіні орналасқан көшедегі «Бұл үйде қазақ өн өнеріндегі ұлы тұлға, вальс падишасы Шәмші Қалдаяқов тұрған» деген мемориалдық ескерткіш тақтадағы сөздерді оқыған сайын менің көңілімде осынау тарихи үйде көңілді" серпілетін, адам жанына керемет сезім сыйлап, сәуле нұрын құятын керемет әндерін шығарды-ау ұлы сазгер" деген ой келеді. Құрылысы XX ғасырдың екінші жартысында салынған ғимаратта Шәмші ағамыз 1963-1969 жылдары тұрған екен.

Оңтүстік Қазақстан

облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Отырар ауданында орналасқан Руханият - Әбу Нәсір әл-Фараби музейінің экспозицияларында тұрған көрнекті композитордың тұтыңған заттары да келіп көрушілердің қызығушылығын арттырып, өткен сәтгерден сыр шертері сөзсіз.

Бүгінде бүкіл қазақ даласын, халқымыздың бітім-болмысын бойына жинаған «Менің Қазақстаным» жас буын өкілдерінен бастап бүкіл ел болып беріле шырқайтын республикамыздың мемлекеттік әнұранына айналған.

Ән өнерінің мақтанышы Шәмші Қалдаяқовтай тұлға жүрегінен туған сезімге толы сыршыл да назды әндері келер келешекте Отанға деген сүйіспеншіліктің белгісі болып халқымен бірге мәңгі жасай бермек.

Алғабек ҚАБЫЛ,
М.Әуезов атындағы ОКМУ-дің
аға оқытушысы.



23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ